
	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-13


## Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже

Алматы  
2022ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-13

## МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы
2. Нормативтік сілтемелер
3. Жалпы ережелер
4. БӨЖ ұсыну формалары
5. БӨЖ мазмұнына қойылатын талаптар
6. БӨЖ-дің орындалуын бақылау
7. Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-13

**Бекітілді**  
 ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы  
 Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
 РММ Ғылыми кеңесінің  
 шешімімен  
 «03» наурыз 2022 жыл  
 № 8 хаттама

### 1. Қолданылу саласы

1. Осы «Білім алушылардың өзіндік жұмысын (БӨЖ) ұйымдастыру туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР «Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-де (бұдан әрі – Академия) БӨЖ ұйымдастыруға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Бұл құжат Академияның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және орындауға міндетті болып табылады, оқу процесіне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелерде қолданылады.

### 2. Нормативтік сілтемелер

3. Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

3.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (2018 жыл 4 шілдедегі өзгертулер және толықтырулармен);

3.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы);


3.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

3.4 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы).

3.5 «Оқу процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру Ережесі» «Т.Қ.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы» Ғылыми кеңесінің 2018 жылғы 09 қарашасындағы №4 шешімімен бекітілген.

### 3. Жалпы ережелер

4. Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ</b> <b>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022
		№1 Баспа 03.03.2022ж.
<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 4-13

орындалатын өзіндік жұмысқа және толықтай өз бетінше орындалатын жұмыс.

5. Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген белгілі тізбе бойынша жұмыс, білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-ның бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады.

Білім алушының өзіндік жұмысы оқу жоспарына сәйкес белгілі бір пәнді меңгеру барысында алған білімнің сапасын, тереңдігі мен беріктігін арттыруға, сонымен болашақ кәсіби қызметінде де қолдана алатын студенттің өзіндік іздену, өзіндік даму мен өзіндік жетілу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

6. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру оқу үрдісін ұйымдастырудың басқа да түрлерімен өзара байланысын көздейді, атап айтқанда:

- пәннің нақты тақырыптарын зерделеуде білім алушының өзіндік жұмысы орнын нақты айқындау;
- дәрістік және тәжірибелік сабақтардың білім алушының өзіндік жұмысына бағытталуы;
- білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру түрінің, әдіс-тәсілдерінің таңдалуы;
- білім алушыларға өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың әзірленуі;
- білім алушының өзіндік жұмысын сабақтардың басқа түрлерімен үйлестіру.


7. Білім алушылар өзіндік жұмысты ұйымдастыру ережелерін, нормалары мен талаптарын білуі тиіс.

8. Өзіндік жұмыс барысында білім алушы оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде еркін түрде сыни және креативті ойлау, өзінің пікірін дәлелдеп қорғау дағдыларына ие болады.

9. Өзіндік жұмыс түрлері, олардың еңбек сыйымдылығы, формалары мен бақылау мерзімдері әр пәннің силлабусында көрсетіледі.

#### 4. БӨЖ ұсыну формалары

БӨЖ түрлері мен формаларының мысалдары:

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ</b> <b>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022
		№1 Баспа 03.03.2022ж.
<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 5-13

1) Реферат – әдебиеттерге міндетті түрде шолу жасай отырып, мәселені жазбаша мазмұндау немесе ғылыми жұмыстың, кітаптың мазмұнын талдай отырып баяндау.

2) Коллоквиум – оқу материалын меңгеру сапасын анықтау мақсатымен пәннің оқылған тақырыптары бойынша сұхбаттасу түрінде өткізілетін білім алушының өзіндік жұмысын бақылау формасы.

3) Эссе – сын, публицистика және сол сияқты т.б. жанрдағы өзекті мәселе бойынша өзінің жеке көзқарасының жазбаша түрдегі мазмұндамасы.

4) Мақсаттар ағашы – мәселені таңдап, деңгей бойынша мақсаттарын белгілеуді; барлық деңгейдегі тапсырмалар мен оларды орындау алгоритмін анықтауды; мақсатқа жету жолдарын анықтауды; жұмыс сапасының көрсеткіштері мен тапсырманы бақылау түрлерін таңдауды көздейтін тапсырма.

5) Таныстырылым – белгіленген мәселе бойынша негізгі қағидаларды слайд, бейнеролик және т.б материалдар арқылы көрсете отырып жасайтын ауызша баяндама.

6) Жағдаяттық тапсырма – әртүрлі жағдайлардың сипаттамасы мен оларға байланысты тапсырмалар тізімдемесі.

7) Искерлік ойындар – білім алушының болашақ кәсіби қызметіне байланысты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және алдын-ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез-келген процестің имитациясы.

8) Рөлдік ойын – кейіннен талдау жасай отырып, жағдайдың қойылымында -имитациясында нақты рөлдерді орындау.

9) Топтық жоба – 3-5 білім алушыдан тұратын топтың жоба жасауына арналған тапсырма.


10) Жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушылар үшін өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын әзірлеуге арналған тапсырма.

11) Глоссарий (тізбек сөздер) – берілген тақырып бойынша терминдер мен түсініктердің қысқаша анықтамасы.

12) Баяндама – тақырыптың негізгі ережелерін 3-5 минутта қысқаша баяндау.

13) Конспект – стандартты форматтағы 2-4 бет жұмыс дәптерінде негізгі түсініктерді көрсете отырып, берілген тақырыпты қысқаша сипаттау.

14) Кейс – топтық талдау барысында шешуді талап ететін жағдай. Топ проблеманы дербес талқылайтын және оларды шешу жолдарын әзірлейтін 3-4 адамнан тұрады. Шешу нәтижелері жалпы топта қорытынды есеп таныстырылымы түрінде беріледі.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-13

15) Есеп – нәтижелерді, негізгі проблемаларды және даму жөніндегі ұсыныстарды зерттеу барысында алынған ауызша және жазбаша сипаттама.

16) Тапсырмаларды практикалық түрде көрсету – жаттығуларды, қимылдарды, комбинацияларды немесе би этюдтарын бөлімдер бойынша және оқу мысалдарын құрастыру барысында көрсетуден және оларды теориялық білімдердің деңгейін айқындау және оларды практикада қолдану мақсатында орындаушылармен (иллюстраторлармен) оқытушы рөлінде өткізуден тұрады. Практикалық көрсетілімге оқу мысалдарын музыкалық рәсімдеу бойынша концертмейстермен жұмыс істей білу іскерлігі кіреді.

Магистранттар мен докторанттар үшін БӨЖ түрлері талдамалық шолу, сараптама және/немесе ғылыми мақалаларды рецензиялау, гранттарды орындау, ҒЗЖ, ғылыми мақалалар, баяндамалар жазу және т.б. болуы мүмкін.


10. Әр пән бойынша өзіндік жұмыс түрлері мен формалары пәннің ерекшелігіне, мақсат-міндеттеріне, күрделілігі мен өзектілігіне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, пәннің еңбек сыйымдылығына қарай анықталады.

11. БӨЖ материалдарын курс оқытушысы әзірлейді және материалдар келесіні қамтиды:

- БӨЖ ұйымдастырылуы бойынша әдістемелік материалдардың және әдебиеттер көздері бойынша ұсыныстардың жасалуын;
- тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптардың, әр БӨЖ тапсырмасы бойынша бақылау мерзімдері мен түрлерінің, бағалау көрсеткіштерінің жасалуын;
- білім алушылар өзіндік жұмысының, оның ішінде тапсырмалардың түрлері мен күрделілік деңгейі бойынша дифференциациялануы.

12. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы оқытушының негізгі міндеті:

- білім алушының оқу, ғылыми-зерттеу, практикалық жұмыстарын өз бетінше атқару дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау;
- білім алушылардың кәсіби, ғылыми және тәжірибелік қызығушылығын дамытуға мүмкіндік туғызу;
- болашақ мамандардың кәсіби маңызды қабілеттері, білімдері мен дағдыларының қалыптасуына себепкер болу;
- білім алушылардың тұлғалық шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7-13

## 5. БӨЖ мазмұнына қойылатын талаптар

13. БӨЖ мазмұны академиялық кезеңдегі өзіндік жұмыстың көлемін, тапсырмалардың саны мен сипатын, олардың еңбек сыйымдылығы мен орындалу мерзімдерін, ағымдағы және аралық бақылау түрлерін көрсету арқылы оқу-жұмыс бағдарламасында (силлабуста) анықталады.

14. БӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:

- пәнді оқудың толық кезеңіне арналған БӨЖ кестесі;
- рефераттар, баяндамалар, эссе, есептер және т.б. тақырыптары;
- негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі;
- жұмыстың тапсырылу мерзімі.

15. БӨЖ тапсырмасы:

- білім алушы тапсырманы жеке орындауы немесе ұжымдық жұмыстың бір бөлігі ретінде өз бетімен орындауы керек;

- белгілі тақырып немесе оның жекеленген аспектілері бойынша (оқытылатын пәннің және тиісті практикалық қызмет саласының өзекті мәселелері) өзекті мәселелер талқыланып, талдау шығарылатын, толығымен аяқталған жұмыс (жұмыстың аяқталған кезеңі) болып табылуы керек;

- қарастырылып отырған мәселені шешудегі автордың құзыреттілігін көрсете білу керек;

- оқу, ғылыми және/немесе практикалық бағдар мен маңыздылыққа ие болу керек;

- белгілі бір ғылыми жаңалық элементтері (егер де ол ғылыми-зерттеу еңбек болса) болу керек.

16. БӨЖ қабылдау кезінде бағалау критерийлерін міндетті түрде көрсету керек, яғни:

- қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес тақырыбы көрсетілген жұмыс мазмұнының толықтығы мен тереңдігі бағаланады;

- әдеби дереккөздерге шолу жасау дәрежесі бағаланады;

- жұмысты орындаудағы дербестілік дәрежесі айқындалады;

- материалды баяндау нақтылығы мен сауаттылығы бағаланады;

- жұмыстың қорытындысы мен жинақтау, талдау дәрежесі бағаланады;

- пәннің теориялық мәселелерін қорытындылау қабілеті бағаланады;


- рефератты рәсімдеудегі техникалық талаптардың сақталуы;

- қорғау кезіндегі жауаптың толықтығы;

- қосымша сұрақтарға берген жауабы;

- өз көзқарасын қорғай алуы;



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-13

- теориялық білімдердің деңгейін айқындау және оларды практикада қолдану мақсатында жаттығуларды, қимылдарды, комбинацияларды немесе би этюдтарын көрсетуі бағаланады;

- өткен материалдың терминологиясын және олардың аудармасын білуі айқындалады;

- оқу мысалдарын құрастыруы және оларды орындаушылармен (иллюстраторлармен) оқытушы рөлінде өткізуі бағаланады;

- шығармашылық ойлауы және берілген материалды ұсына білуі бағаланады;

- техникалық (орындаушылық) шеберлігінің деңгейі бағаланады және т.б..

17. Әрбір білім алушы академиялық кезең басталғанға дейін БӨЖ-ді орындау туралы қағаз немесе электронды тасымалдағыштардағы әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етілуі тиіс. Онда:

- тапсырмалардың мақсаты, тақырыптары мен мазмұны;

- ұсынылатын әдебиеттер тізімі, беттері көрсетілген;

- есептілік формалары мен бақылау кестесі;

- бағалау критерийлері көрсетілуі тиіс.

18. Пәнді оқытудың нәтижелілігіне бағытталған тиімділігі үшін білім алушының өзіндік жұмысын келесі түрде ұйымдастыруға болады:

- негізгі қызмет білім алушыға жүктелетін аудиториядан тыс жұмыс (дәріс, практикалық және зертханалық сабақтарға дайындық, рефераттар мен баяндамалар жазуы, таныстырылым дайындау, есеп шығару, басқа да үй тапсырмаларын орындау);

- негізгі қызмет білім алушымен қатар оқытушыға жүктелетін белсенді түрдегі аудиториялық жұмыс (үй жұмысына дайындалумен қатар, сабақ кезіндегі жұмыс – тренинг, диспут, іскерлік ойындар, таныстырылымдар, логикалық есептер, кейстер және т.б.).

БӨЖ жазбаша формасы келесі тәртіптегі материалды қамтуы тиіс:

- титулдық парақ (*1-қосымша*);

- мазмұны;

- негізгі бөлім;

- қорытынды;


- пайдаланған әдебиет көздерінің тізімі;

- қосымша (қажеттілігіне қарай)

БӨЖ жазбаша формаларын рәсімдеуге қойылатын техникалық талаптар:

БӨЖ А4 форматында баспа тәсілімен ұсынылатын болса, онда келесі параметрлерге сәйкес келуі тиіс:



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-13

- 1) шрифт – Times New Roman, кәдімгі, 14 кегль.
- 2) шеттері: сол – 30 мм, жоғары – 20 мм, оң – 10 мм және төменгі – 25 мм.;
- 3) жоларалық интервал – біреу;
- 4) 3 беттен бастап төменгі жақтан ортасында немесе шетінде нөмірлеу;
- 5) табуляция – 1 см;
- 6) негізгі шрифт Times New Roman (Kz Times New Roman – қазақ тілінде) №12.

### **6. БӨЖ-дің орындалуын бақылау**


19. Білім алушылардың өзіндік жұмысын бақылау соңғы нәтижеге жетуге бағытталған жазбаша және ауызша формада өткізілуі мүмкін. Жазбаша бақылау формасында білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелері конспект (бағдарламалық қозғалыстарды әдістемелік талдау арқылы), реферат, баяндама, шығармашылық бақылау, жазбаша, курстық, дипломдық жұмыс, ғылыми мақала, аудио-, бейнеесеп және т.б түрде рәсімделуі мүмкін. Ауызша бақылау формасында білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелері коллоквиум, конференция, іскерлік ойын, рөлдік ойын, баяндама, шығарма, хабарламалар, жеке әңгімелесу, оқу комбинациялары мен би этюдтарын құрастыру, комбинацияларды сипаттау, оларды әдістемелік талдау, туынды ойлап шығару мен құрастыру және т.б. түрінде рәсімделуі мүмкін.

20. Білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелерін оқытушы қадағалауы тиіс. Бұл нәтижелер зерделенетін пән бойынша білім алушыны қорытынды аттестаттау барысында бағалануы және ескерілуі тиіс.

### **7. Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы**

21. Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖОО немесе оқытушының өзі айқындайтын жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен өткізілетін білім алушының жұмысы; білім алушылардың санатына қарай бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ), оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ).

ОБӨЖ барысында оқу бағдарламасының аса күрделі мәселелері және оқытушының жетекшілігімен оқу мысалын құрастыру, үй тапсырмасын, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау, семестрлік жұмыстарды, есептерді және туындайтын мәселелер бойынша СӨЖ тапсырмаларының

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-13

басқа түрлерін бақылау, межелік бақылауды өткізу бойынша консультациялар өткізіледі.

22. Тақырыптары, тапсырмалар, өткізу формалары, көлемі көрсетілген ОБӨЖ жалпы сипаттамасы пән бойынша силлабуста берілген. ОСӨЖ әрбір пән бойынша бүкіл академиялық кезең бойы күні, уақыты, аудитория және оқытушы көрсетілген кестеге сәйкес өткізіледі (*2-қосымша*). ОСӨЖ шеңберіндегі сабақтардың консультативтік және интерактивтік формалары болуы мүмкін, олардың арақатынасы оқытылатын курстың күрделілігімен, оны оқытуға бөлінген аудиториялық сабақтардың көлемімен, білім алушылардың дайындық деңгейімен айқындалады.

23. ОБӨЖ келесі функцияларды атқарады: консультативтік және бақылау.

Консультативтік функция:

- әрбір пән бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысына көмек көрсету;

- білім алушыға бағдарламалық материалды меңгеру үшін қажетті жұмыс әдістерін таңдауға көмектесу;


- студент үшін күрделі тақырыптың түсіндірілуін қайта тыңдауға мүмкіндік жасау, оқу материалдарын бекіту үшін практикалық тапсырмаларды орындау;

- оқу материалын терең зерделеуге жағдай жасау;

- ғылым саласындағы білім алушының өзіндік жұмысына көмектесу.

ОБӨЖ бақылау функциясы студенттердің оқуға деген ынтасын арттыру үшін студенттердің білімін ағымдық, межелік және қорытынды бағалау барысында жүзеге асырылады. Білім беру процесін ұйымдастырудың маңызды міндеттерінің бірі білім алушылардың оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады.

24. ОБӨЖ аса тиімді формалары ретінде ұсынылады: сауалнамалар, тренингтер, пікірталастар, іскерлік ойындар, таныстырылымдар, кейс құрастыру, жеке, топтық жобалар әзірлеу және т.б.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-13

*1- қосымша*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ**  
**«Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ**


**Білім алушының өзіндік жұмысы**

**Тақырыбы** \_\_\_\_\_

**Пәні** \_\_\_\_\_

**Орындаған** \_\_\_\_\_

Алматы  
 2022ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022
		№1 Баспа 03.03.2022ж.
<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 12-13

2-қосымша


Бекітемін  
 Факультет деканы  
 \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
 (қолы)  
 « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.






20\_\_ - 20\_\_ оқу жылының \_\_\_\_\_ семестрінде  
 ОБӨЖ өткізу кестесі

Кафедра \_\_\_\_\_

Оқытушының Т.А.Ә.	Пән	Кредиттер саны	Топ	Дүйс.	Сейс.	Сәрс.	Бейс.	Жұма	Сенбі

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
 (қолы)

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.138-2022 №1 Баспа 03.03.2022ж.
	<u>Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру</u> <u>туралы ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 13-13

<b>Әзірленді:</b>		
Оқу-әдістемелік қызметінің басшысы		Есенбекова Г.Ж.
<b>Келісілді:</b>		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры		Амирбеков Ш.А.
Оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.